Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 245-246

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕКІРЕ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ДАМУЫ

Алькеева М.К.

Бүгінгі таңда Каспий теңізінде биологиялық әртүрлілікті сақтау үлкен проблемаға айналып отыр. Каспий теңізіндегі биоресурстардың шексіз ауланuы салдарынан құнды балықтар бекіре тұқымдастардың саны күрт азаюда. Ғылыми деректер бойынша шамамен соңғы 10 жылда бекіре балықтарының аулау мөлшері Жайық-Каспий алабында 10 есеге азайды. Егерде 1995-1996 жылдары бұл балықтар 15-16 мың т. ауланса, соңғы жылдары 150-214 т. құрап отыр [1]. Қазіргі таңда бекіре балықтары қолайсыз өзгерістерге ұшырауда: көлемдік-салмақтық, т.б. биологиялық көрсеткіштері төмендеуде, жаз кезінде Жайықтан теңізге енетін бекіре шабақтары ұсақталып, көп жағдайда нормативтік көрсеткіштерге сай болмай отыр. 2010 жылдан бастап Каспий маңындағы елдер бірігуімен бекіре тұқымдас балықтарын кәсіптік аулауға моратория туралы келісімге қол қойылды [2]. Сондықтан қазіргі кезде тауарлық бекіре өсіру шаруашылықтарын дамыту басты мәселе болып келеді.

Соңғы он жылдықта тауарлық бекіре балығын өсіру қарқынды дамып келеді және бүгінгі күні бұл сала әлемдік аквакультураның басты бір бөлігін құрап тұр. Тауарлық бекіре балығын өсірудің өзектілігі – біріншіден, бекіре балықтарының табиғи қорының күрт азайып кетуіне, екіншіден, оларды аулауға тыйым салынуына байланысты және бекіре балықтарының биологиялық өнімділігін жасанды жолмен арттыруды жақсарту болып табылады. Қазақстанда аквакультураны дамыту мақсатында арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылданған, онда тауарлық бекіре балығын өсіруге зор көңіл бөлінген. Осы мәселемен мемлекет тарапынан ҚазБШҒЗИ және С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ бекіре балықтарын өсіруге арналған биотехникалық шараларды құрастырып, бекіре тұқымдас балықтарын тұйық сумен қамтамасыздандырылған қондырғы жағдайында балық өсіру бойынша ғылыми – зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мұнда сібір бекіресі мен сүйрік балықтары өсіріліп, сонымен қатар биыл қортпа мен сүйрік балықтарының буданы бестер балығын әкелуін жоспарлап отыр.

Жоғарыда аталған зертхананың жағдайында қортпа мен сүйрік балықтарының буданы бестер және сүйрік балықтардың салыстармалы түрде дамуы мен өсуін анықтауды жоспарлап отырмыз. Алда қойған мақсатымыз тұйық сумен қамтамасыздандырылған қондырғы жағдайында бір жаздық бестер мен сүйрік балықтарының бір маусым кезіңіндегі өсуі мен дамуының динамикасын зерттеу. Бұл үшін судың температурасын, гидрохимиялық құрамын арнайы әдістемелер арқылы зерттеу жасауымыз керек. Судың температурасы, оттегі, pH көрсеткіштері – маңызды экологиялық фактор болып

табылады. Бұл көрсеткіштер балықтың зат алмасу процесіне, жыныстық даму жылдамдығына, өсу темпіне және тағы басқа факторларға тығыз байланысты. Балықтарды 15 күн сайын аулап, арнайы әдістемелер арқылы олардың салмағын және ұзындығын өлшеп журналға тіркеу керек [3]. Бұл көрсеткіштер арқылы балықтардың абсолютті және салыстырмалы өсімталдығын анықтауымыз керек. Нәтижелерін қорытындылап, бір жаздық бестер мен сүйрік балықтар өсуінің айырмашылықтарын анықтап, салыстырмалы талдау жасауымыз керек.

Бұл қолдан өсіру зерттемелерін балық өсіру шаруашылықтарына енгізу барысында су қоймалардың биологиялық қорын сақтап қалу мүмкіншілігі туады. Қазақстанның экспорттық мүмкіншілігі артады. Жаңа өсіру әдістемелерін қолдану арқылы құнды балық қоры ұлғайады.

Ғылыми жетекші: а/ш.ғ.к., аға оқытушы А.С. Асылбекова